

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

божественного творения [8]. Тем самым Т.Гоббс тонко намекает на то, что государство непостижимое божественное творение, говоря, что как бы человек не старался у него не выйдет идеальное государственное устройство. Тем самым мы видим, что Т.Гоббс в какой-то степени признает утопичность своих идей. Но как оказалось в отличие государства Платона и других философов, это более живучая теория.

Концепции Т.Гоббса, Дж.Локка и других легли в фундамент западного мышления, которое заключается в том, что, уважая права других, другие также уважают наши права. Причина же этого заключается не только в общественном договоре, но и в том, что человек нравится ему или нет приспосабливается ко всему. Также сыграло роль то, что человек принял этот договор, потому что, другие также приняли условия договора. Тут сказывается не только коллективное мышление, но и способность приспособление. Как бы человеку ни нравилось благодаря закону ему приходится мириться с таким положением дел. Важными же факторами этого осмысления является образование и воспитание. Поэтому, наверное, абсолютно все приведенные в пример философы так или иначе писали работы по воспитанию. Поэтому, Запад и США стремятся и это у них получается, вырастить поколение, которому с детства прививают уважение к законам, соблюдение договора и самое главное показывают пример. Практически каждый знает законы и свои права. И они передают эти традиции дальше. В отличие от стран СНГ, где преобладает менталитет, коррупция, правовой нигилизм, трайбализм и не уважение закона. И дело не только в образовании, потому что тот же западный человек и человек из СНГ может иметь одинаковое образование, но восприятие и применение может быть разным. Поэтому, чаще простому человеку тяжело понимать западное мышление, что приводит к конфликту запада и востока. Но, это не означает что все страны кроме Запада и США, пропавшие в законодательном плане. Насчет этого Дж.Локк дал прекрасный совет: «Создавайте лишь немного законов, но следите за тем, чтобы они соблюдались». Не совсем обязательно писать огромные трактовки и законы, самое главное, чтобы граждане знали их могли использовать и самое главное соблюдали. А это соблюдение исходит из уважение прав других и государства, а также осознание наказуемости. Когда закон постоянно изменяется, когда виновный не получает должного наказание, получается, что государство не справляется со своими основными задачами, что приводит к неминуемой гибели государства. Поэтому в современном мире государство и человек должны выполнять условия договора, только в случае внутреннего баланса, государство может обеспечить мир и покой.

Список использованных источников

1. Конвенция Монтевидео, 1933 г. [Электронный ресурс] // URL: <https://www.jus.uio.no/english/services/library/treaties/01/1-02/rights-duties-states.html>
2. Гоббс Т. Левиафан. - М.: АСТ, - 2023, - С. 42-304.
3. Поппер К. Открытое общество и его враги. - М.: Феникс, Международный фонд «Культурная инициатива», - 1992, - С. 91-123.
4. Руссо Ж.-Ж. Трактаты. - М.: Наука, - 1969, - С. 32-298.
5. Монтескье Ш. О духе законов. - М.: Мысль, - 1999, - С. 200-555.
6. Локк Дж. Сочинения. - М.: Мысль, Т3,- 1988, - С.137-610.
7. Пикетти Т. Капитал в 21 веке. -М.: Ад Маргинем Пресс, - 2015, - 239 с.
8. Мифы народов мира / энциклопедия. - М. -2008, - 580 с.

УДК 13.11.21

ҚАЗАҚСТАН ЦИФРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Бегимбаева Ботакоз Ерликхановна

bbegimbayeva02@mail.ru

Әлем бойынша көптеген мемлекеттер жаңа жаңалықтар мен ашылуларға келіп жатыр. Жаһанда цифрлық революция белең алып жатқаны бүкіл салалар мен бағыттарда айқын көрініс табууда. Цифрлық революция – бұл қоғамда, экономикада, мәдениетте және саясатта терең өзгерістер тудыратын цифрлық технологиялардың біздің өміріміздің әртүрлі аспектілеріне қарқынды ену кезеңін сипаттайтын құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл процесс адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынастан бастап ірі корпорациялар мен мемлекеттік құрылымдардың жұмысына дейінгі қоғамның барлық деңгейлеріне әсер етеді.

Цифрлық технологиялар ақпараттық технологиялардан кейін адам алдында өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ашты. Әр түрлі ақпараттың әсерлі массивтері интернет қолданушысына ашық, ал виртуалды кеңістіктер өнер туындылары мен бүкіл әлемдерді құруға, жалған эмпирикалық тәжірибені сезінуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологияны қолдана отырып, адам басқа адамдардың қатысуынсыз жұмыс істейтін өз өндірісін құра алады, жұмыс берушіден Интернет-технологиялары арқылы үлкен қашықтықта жұмыс істей алады, үйін және басқа мүліктерін бақылайды және басқарады. Адамның болмыс кеңістігі оның физикалық әлемінен әлдеқайда асып түсетіні де белгілі болды [1]. Цифрлық революцияның негізінде компьютерлер, интернет, мобильді құрылғылар, жасанды интеллект сияқты цифрлық технологияларды енгізу және дамыту жатыр. Бұл технологиялар қоғамның барлық салаларына еніп, біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық технологиялардың біздің өмірімізге еніп кеткені соншалық, тіпті оларсыз енді өмірді елестету қиын. Мысалы соңғы жылдары қатты дамып, танымалдылыққа ие болған жасанды интеллекттің өзі де адамзат тұрмысына біршама елеулі оқиға әкелді. Адам үшін ойланып, жұмысын жасап беретін интеллект пайда болғалы, қоғам жаңа көрініске ие болды. Жасанды интеллект арқылы енді адамдар виртуалды әлем жасай алады, басқа адамның дауысын жасай алады. «Жасанды интеллект – бұл құралдар жиынтығын қамтитын технология, зерттелген мәліметтерге сүйене отырып, компьютерге ықпал ету, сұрақтарға жауап беру, сондай - ақ оның негізінде қорытынды жасау, яғни оған осы компьютердің жасаушылары қоспаған ақпаратты зерттеу», - делінген [2]. Сонымен бірге мобильді қосымшалардың дамуы, жаңа көрініске ие болуы цифрлық революцияның дәлелі болып келеді. Kaspersky, Egov, Damumed сынды бағдарламалар адамдарға үлкен мүмкіндер туғызды. Болашақта Қазақстан жаңа инновация көзіне және стартаптардың технологиялық жағынан дамуына үлкен әсер етеді.

«IT технологиялары мен Интернет желісінің заманауи дамуы бізді қоршаған әлемнің бейнесін және ондағы қатынастардың құрылымын айтарлықтай өзгертетін "цифрлық революция" деп аталатын нәрсемен байланысты.» - деген А.Корцхия өзінің «Цифровая революция: новые технологии и новая реальность» атты мақаласында [3]. Цифрландыру туралы айтқан кезде әлеуметтік желіні айтып кетпеске болмас. Әлеуметтік желі қазірде адам үшін қарым-қатынас орнатуға қолайлы платформа болып келеді. Ақпарат, пікір алмасуға оңтайлы құрал ретінде қолданылады.

Цифрландырудың дамуына түрткі болған жағдайлардың бірі COVID-19 пандемиясы еді. Күтпеген жерден бүкіл әлем қашықтықтан оқытуға көшіп, онлайн өмір сүруге мәжбүр болды. Айта кету керек, коронавирустық пандемия адамдарға әрі қарай цифрлық трансформациялауға елеулі әсер етті және одан кейін қандай әрекеттер мен жағдайларға дайын болуды көрсетті. Қандай қадамдарды жүзеге асыруды да айқын көрсетті [4].

Қазіргі заманғы цифрлық революцияны сонымен қатар Төртінші революция деп атайды. Төртінші революция ақпаратты өңдеудің физикалық технологиялардың байланысуымен тікелей негізделеді. Осы революция физикалық, биологиялық және цифрлық технологиялар арасындағы шекараны талқандайды. Төртінші революция туралы К.Шваб өзінің «Төртінші индустриялық революция» атты еңбегінде келтірген болатын. Бұл еңбек жасанды интеллект, 3d басып шығару, алдыңғы қатарлы робототехника, блокчейн сынды

бағыттарға негізделіп жазылған, К.Швабтың айтуы бойынша, Төртінші революция бұрын-соңды болмаған өзгерістерге алып келетіні жайлы айтты. Ол адам өміріне, тұрмыс-тіршілігіне елеулі оқиғалар мен өзгерістер әкелетіні сенімі мол. Адамның өмір сүру деңгейі, көптеген өзекті мәселелерді шешуге бағытталатынын атап көрсетті. Алайда жаңалық пен өзгерістер әкелуімен қатар мәселелерде пайда болуы мүмкіндігін жоққа шығармады. Дегенмен Төртінші революция алдыңғы революцияларға мүлдем ұқсамайтыны да ерекше атап көрсетілді. «Бүгінгі таңда цифрлық өндіріс технологиялары биологиялық әлеммен өзара әрекеттесе алады», - деді К.Шваб [5]. Расымен де, қазіргі қоғам революция арқасында өзі ойлап көрмеген деңгейге жетуі әбден мүмкін.

Қазақстан өз экономикасын неғұрлым бәсекеге қабілетті және цифрлық дәуірде дамыған етуге ұмтыла отырып, цифрлық революция бағытында белсенді ілгерілеуі байқалады. Елімізде цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, инновацияларды ынталандыруға және цифрлық технологияларды дамытуға бағытталған бірқатар бастамалар мен бағдарламалар жүргізілуде. Цифрлық экономика, цифрлық білім, цифрлық инфрақұрылым, электронды үкіметтің дамып кетуі соған дәлел бола алады. Қазақстан өзінің қоғамының түрлі салаларына инновациялық цифрлық технологияларды белсенді енгізіп, модернизацияға деген талпынысы мен табандылығын көрсетіп келе жатыр.

Қазақстандағы цифрлық революцияның перспективасы экономика мен қоғамды цифрландыруды тереңдетуді, әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілікті арттыруды, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуды және түрлі салаларда инновациялық дамуды ынталандыруды қамтиды.

XXI ғасырдың басынан бастап Қазақстан ақпараттық технологиялар мен цифрлық инновациялар саласындағы қарқынды дамудың куәсі болды. Ел үкіметі цифрлық экономика секторының өсуін ынталандыруға бағытталған бірқатар шаралар қабылдады. Негізгі бастамалардың бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жетілдіруге және оларды ел өмірінің түрлі салаларына біріктіруге бағытталған іс-шаралардың кең спектрін қамтитын «Цифрлық Қазақстан» цифрлық жаңғырту бағдарламасы болып табылады.

Міне, қазақстандық цифрлық революцияның бірнеше заманауи үрдістері мен перспективалары:

- Цифрлық инфрақұрылымды дамыту: Қазақстан кең жолақты интернетті, жаңа буындағы мобильді желілерді (мысалы, 5G), цифрлық платформаларды және бұлтты есептеулерді қоса алғанда, өзінің цифрлық инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға инвестициялауды жалғастыруда. Бұл цифрлық экономика мен қоғамды одан әрі дамыту үшін негіз жасайды.

- Экономикадағы цифрлық трансформация: мұнай-газ өнеркәсібі, тау-кен өндіру секторы, ауыл шаруашылығы және қаржы қызметтері сияқты қазақстандық экономиканың жетекші салалары процестерді оңтайландыру, өнімділікті арттыру және шығындарды азайту үшін цифрлық технологияларды белсенді енгізуде.

- Инновациялар мен стартаптарды ынталандыру: Қазақстан Үкіметі инновациялық экожүйе мен стартап-қоғамдастықтың дамуын белсенді қолдайды. Бұған инновациялық орталықтар құру, стартаптарды қаржылай қолдау, жас кәсіпкерлер үшін конкурстар мен акселерация бағдарламаларын өткізу кіреді.

- Цифрлық денсаулық сақтау және білім беру: Қазақстан денсаулық сақтау және білім беру жүйелерін цифрлық технологиялардың көмегімен жаңғыртуға ұмтылады. Бұған электронды медициналық карталарды енгізу, телемедицинаны дамыту, оқу материалдарын цифрландыру және қашықтықтан оқыту кіреді.

- Электрондық үкімет және цифрлық мемлекеттік қызметтер: Қазақстан азаматтар мен кәсіпкерлер үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында өзінің электрондық мемлекеттік басқару жүйесін дамытуды жалғастыруда. Бұған Мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін цифрлық платформалар құру, электронды басқару және мониторинг жүйелері және бюрократиялық процестерді цифрландыру кіреді.

Келешекте қазақстандық цифрлық революция экономиканы жаңғыртуда, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда және оның азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуда шешуші рөл атқара отырып, дамуын жалғастыратын болады. Бұл сонымен қатар инновацияға, кәсіпкерлікке және адами капиталды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстан қазірде цифрлану бойынша рейтингте алдыңғы қатарлы орындарды алуда. Оған дәлел, Қазақстан 2022 жылдың қорытындысына сәйкес онлайн-қызмет көрсету бойынша БҰҰ-ның рейтингінде 193 елдің ішінде 8 орынға ие болды. "Қазіргі уақытта электрондық қызметтердің 92%-ы онлайн режимінде қолжетімді. 2022 жылы 42 млн-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді, 2023 жылдың бірінші тоқсанында – 13,4 млн Мемлекеттік қызмет көрсетілді", - деді цифрлық даму вице-министрі Асқар Жамбакин. БҰҰ-ның 2022 жылдың электронды үкімет қызметтерінің даму деңгейі бойынша Қазақстанды әлемде 28 орынға, ал ТМД елдері ішінде 1 орында тұрғанын атап айтты [6]. Цифрлық технологиялар өндіріске, білімге, қызмет көрсету саласына елеулі өзгеріс әкелді.

Цифрлық революцияның мәдениетке де ықпалы өте зор болды. Интернет, әлеуметтік желілер, жасанды интеллекттің белсенді дамуы адамдардың мәдени өміріне өзгерістер әкелуде. Мысалы, интернетте адам кез келген ақпарат таба алады. Мұндай кең көлемді ақпарат адам үшін пайдалы болғанымен қатар, зардабын да келтіреді. Басқа ұлт өкілдері немесе мемлекет туралы жаман пікір, ақпараттар адам миына тезірек жатталып, ойлау қабілетіне әсер етеді. Дегенмен, одан бөлек басқа да көптеген керемет мағлұматтар мен пайдалы ақпараттар біздің назарымызға ұсынылған.

Цифрлық революция адамдардың өзара әрекеттесу, қарым-қатынас жасау, көңіл көтеру және өнер жасау тәсілдерін өзгерту арқылы мәдениетке айтарлықтай әсер етеді. Әсер етудің кейбір негізгі аспектілері:

- Әлеуметтік медиа және коммуникация: әлеуметтік медиа көптеген адамдар үшін негізгі байланыс құралына айналды. Бұл адамдардың байланыста болу, ақпарат алмасу және қарым-қатынас орнату тәсілдерінің өзгеруіне әкелді. Қарым-қатынас және байланыс мәдениеті, соның ішінде тіл мен визуалды кодтар өзгертілді.

- Сандық ойын-сауық: бейне ағындық платформалар, ойындар және басқа да ойын-сауық түрлері интернет байланысы бар кез келген адамға қол жетімді болды.

- Ақпарат пен білімге қол жеткізу: Интернет кез келген тақырып бойынша ақпарат пен білімге оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл білім беру тәжірибесінің өзгеруіне, сондай-ақ адамдардың мәдени құбылыстар, өнер және тарих туралы ақпарат алу тәсілінің өзгеруіне әкелді.

- Сандық өнер және мәдени шығармашылық: цифрлық технологиялар өнер мен мәдени мазмұнның жаңа түрлерін жасауға мүмкіндік береді. Бұған виртуалды шындық, интерактивті жасанды интеллект және өнерді қабылдау және жасау тәсілдерін өзгертетін басқа технологиялар кіреді.

- Мәдени трансформациялар: цифрлық революция мәдени құндылықтарға, нормаларға және сәйкестілікке өзгерістер енгізеді. Бұл өзін-өзі көрсетудің жаңа түрлерін, медиа тұтынуындағы өзгерістерді және әлеуметтік құбылыстарды қабылдауды қамтуы мүмкін.

- Мәдениеттің жаһандануы: цифрлық технологиялар мәдениеттер арасындағы қашықтықты қысқартады, бұл мәдени алмасуды қол жетімді және қарқынды етеді. Бұл мәдени элементтердің бірігуіне және өрнектің жаңа формаларының пайда болуына әкелуі мүмкін.

- Сандық сауаттылық және білім: цифрлық революция сонымен қатар цифрлық әлемге сәтті бейімделу үшін қажетті білім мен дағдыларға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Бұл цифрлық сауаттылықты, сыни тұрғыдан ойлауды және ақпараттық технологиялар саласындағы дағдыларды дамытуды қамтиды.

Тұтастай алғанда, цифрлық революция біздің өмір сүру, жұмыс істеу, көңіл көтеру және бір-бірімізбен қарым-қатынас жасау тәсілдерін өзгерту арқылы мәдениетке кең және терең әсер етеді. Цифрлық революция мәдениетті түбегейлі өзгертеді, қашықтықты қысқартады, өнерде қарым-қатынас жасау, құру және тұтыну тәсілдерін өзгертеді, білім беруді қол жетімді

етеді, өмір салты мен тұтынушылық мінез-құлықты өзгертеді, мәдени мұраға қол жетімділікті кеңейтеді және белсенділік пен қоғамдық өмірге қатысуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы цифрлық революция экономиканы жаңғыртуда, азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруда және елдің әлемдік аренадағы ұстанымын нығайтуда шешуші рөл атқарады. Ол инновацияларды ынталандырады, бизнесті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды және цифрлық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Қазақстандағы цифрлық революция елдің даму стратегиясының негізгі бағыты болып табылады және оны жаңғыртуда және жаһандық цифрлық экономикаға интеграциялауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Слюсарев В.В., Хусяинов Т.М. Большие Вызовы Цифровой революции // Философия культуры. 2008. № 8. С. 22-29.
2. Утегенов Н.Б. Искусственный интеллект на сегодняшний день // Universum: Технические науки. 2022. № 7. С. 27-30.
3. Корцхия А.А. Цифровая революция: новые технологии и новая реальность // Правовая информатика. 2017. № 1. С. 13-18.
4. OECD. Digital Transformation in the Age of COVID-19. Building resilience and bridging divides. – Paris: Digital Economy Outlook 2020 Supplement, OECD, 2020. – 7 p.
5. Шваб К. Төртінші индустриялық революция. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. –200 б.

Цифровая революция в Казахстане. В каких сферах она уже произошла. [Электронды ресурс] URL <https://informburo.kz/stati/cifrovaya-revolyuciya-v-kazaxstane-v-kakix-sferax-ona-uzе-proizosla> (Қаралған күні 15.03.2024).

ӘОЖ 101.1

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ «БІЛІМДІ АДАМ» ЖӘНЕ «АДАЛ АЗАМАТ» ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘНІ

Бекмуханова Әсем Балдайырқызы

bekmuhanova.aseм@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.Тұрсынбаева

Аннотация: Бұл мақалада қазақ философиясындағы білімді адам және адал азамат концепциясын аша отырып, қазіргі қоғамда «Білімді адам» «Адал азамат» деген кім? Оның бойында қандай қасиеттер бар? Қазақ философиясындағы «Білімді адам және адал азамат» қандай? деген сұрақтарға жауап беріледі. Сондай-ақ Абай мен Шәкәрім ілімдерінің ХХІ ғасырмен байланыстыра отырып зерттеу қарастырылды. Шәкәрімнің "Ар Ілімі", ұлттық мәдениетіміздің даму өзегінің бірі ретінде қарастырылды. Абай философиясы аясында «Толық адам», «Жақсы кісі» концепциялары қарастырылды. Абайдың арманындағы толық адам – біліммен, ғылыммен және дінмен ұштасып дамып, жетілген адам. Адамзат өркениетінде рухани тұрғыда жақсы қасиеттерді – ғылым, білім, қайраткерлік, адалдық, азаматтық, адамгершілік құндылықтарды бойында жетілдірген адам. Толық адам ілімі – қазақтың ұлттық санасын оятып, дана халқымыздың рухани жаршысы болып табылады.

Кілттік сөз: Білімді адам, жақсы адам, Хакім Абай, толық адам, арлы адам, адал азамат, Данышпан Шәкәрім.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру біздің еліміз үшін ерекше маңызға ие. Барлық азаматтар, әсіресе жастар, ең жақсы қасиеттерді дамытуы керек-осыдан қоғам құндылықтарының біртұтас жүйесі қалыптасады. Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның